

**2021 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № а-11/431 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 8181 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, 27-бабының 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. 2021 жылға арналған Атбасар ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*А.Калжанов*

Атбасар ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы "25" қарашадағы  
№ а-11/431 қаулысына  
1 қосымша

## **2021 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Жеке кәсіпкер "ИП Жадан А.Л."	10	10
2	"INTER TRADE" (ИНТЕР ТРАЙД) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	1,25

Атбасар ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы "25" қарашадағы  
№ а-11/431 қаулысына  
2 қосымша

## **2021 жылға арналған Атбасар ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Жеке кәсіпкер "ИП Жадан А.Л."	10	10
2	"INTER TRADE" (ИНТЕР ТРАЙД) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	1,25